

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 шілдедегі N 462-ІІ Заңы

Прагада 1999 жылғы 13 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім

(2003 жылғы 28 тамызда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі, өзара тиімді саудалық және экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға жәрдем беруге ынтылана отырып, екі ел арасында және олардың аумақтары арқылы транзитпен халықаралық автомобиль тасымалдарын реттеу мен дамыту талабын алға қойып, төмендегі жөнінде келісті:

Қолдану саласы

1-бап

1. Осы Келісім тасымалдар орындауға жіберілген тасымалдаушылардың және Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралдарының Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасында, олардың аумақтары арқылы транзитпен, сондай-ақ үшінші елдерге/ден халықаралық автомобиль қатынасында жолаушылар мен жүктердің тасымалын реттейді.

2. Осы Келісім әрбір Уағдаласушы Тарап қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық келісімдерінен туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

Анықтамалар

2-бап

1. "Автобус" термині конструкциясы және жабдығы бойынша жүргізушіні қоса тоғыздан аса адамды тасымалдауға арналған кез келген автомобильді білдіреді.

2. "Тұрақты жолаушылар тасымалдары" термині соларға сәйкес жолаушылар алдын ала белгіленген аялдау мекендерінде отыруы және түсуі мүмкін белгілі бағыт бойынша алдын ала белгіленген және жарияланған қозғалыс кестелеріне, тасымалдау үшін тарифтерге және тасымалдау шарттарына сай жолаушылардың автобустармен тұрақты т а с ы м а л д а р ы н білдіреді.

3. "Маятниктік тасымал" термині алдын ала жинақталған жолаушылар тобы бір шығу мекенінен бір бару мекеніне тасымалданатын көп реттік тасымалды білдіреді. Жолаушылардың осы тобы кейіннен шығу мекеніне қайтып келеді. Шығу мекені мен бару мекені шығу немесе келу орны, сондай-ақ жолдан 50 км қашықтықта орналасқан оның жан-жақтары деп түсініледі. Маятниктік тасымалға әдеттегі автокөлік қызмет көрсетулеріне қосымша жолаушылар тобын шығу мекенінде жинақтау талабы кіреді. Бірінші кері қарай сапар мен соңғы солай қарай сапар бос қалпында жүзеге асырылады.

4. "Оқтын-оқтын жолаушылар тасымалы" термині осы Баптың 2 және 3-тармақтарында айтылғаннан өзге кез келген басқа тасымалды білдіреді.

Жолаушылар тасымалы

3-бап

Осы Келісімнің мәнінде жолаушылар тасымалы жолаушылар мен олардың багажын автобустармен олардың есебінен немесе үшінші тұлғалардың есебінен тасымалдауды білдіреді. Бұл осындай рейстерге байланысты жолаушыларсыз сапарға да қатысты.

4-бап

1. Жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдауға рұқсаттар өзара келісім бойынша Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарымен беріледі. Әрбір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органы өзінің аумағы арқылы өтетін бағыт бөлігіне рұқсат береді. Рұқсат бір күнтізбелік жылдан асырылмайтын мерзімге б е р і л е д і .

2. Тұрақты жолаушылар тасымалын ашуға өтініш аумағында тасымалдаушы орналасқан және оның автокөлік құралы тіркелген Уағдаласушы Тараптың құзыретті органына беріледі. Бұл құзыретті орган өтінішті барлық қажетті мәліметтермен және өз қорытындысымен екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органына жібереді.

3. Осы Баптың 2-тармағына сай өтініштерге мынадай мәліметтер кіреді:

- а) тасымалдаушының аты-жөні мен мекен-жайы немесе толық мекен-жайы көрсетілген фирманың аты;
- б) тасымал түрі;
- в) рұқсаттың сұралатын күш мерзімі;
- г) жұмыс ұзақтығы мен рейстер жиілігі (күн сайын, апта сайын және т.т.);
- д) қозғалыс кестесі;
- е) нақты бағыт (жолаушыларды отырғызып-түсіретін барлық аялдамалар, шекаралық бақылау-өткізу пункттері);
- ж) бағыттың солай және кері қарай қашықтығы, километрмен;
- з) жүргізушінің рөлде жүруі мен демалысқа үзіліс уақыты;
- и) тасымалдау үшін төлемнің сомасы және тасымалдау шарттары.

5-бап

1. Әрбір маятниктік тасымалға екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органының рұқсаты талап етіледі. Маятниктік тасымалға тапсырысты арыз беруші тікелей екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органына маятниктік тасымалды бастағанға дейін кемінде 30 күн бұрын жіберуі тиіс.

2. Осы Баптың 1-тармағына сай тапсырысқа тасымалдаушы фирмасының атауы, аты-жөні мен жұмысының немесе үйінің толық мекен-жайы, сондай-ақ оның жұмыс орны, бағыт, кесте және тарифтер туралы мәліметтер, өтініш жасалған маятниктік тасымалды орындайтын барлық автобустардың тіркеу нөмірлері және баратын орыннан сонда болған уақытын растайтын хат кіруі тиіс.

3. Осы Келісімнің 14-бабына сай құрылған Бірлескен Комиссия маятниктік тасымалды жүзеге асыруға байланысты лицензиялық рәсімдердің, нысандардың, тексеру құжаттарының жеке бөлшектері және т.б. жөнінде келісуі мүмкін.

6-бап

1. Осы Баптың 2-тармағында аталған жағдайлардан басқасында оқтын-оқтын жолаушылар тасымалы рұқсат алу негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

2. Екі Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің тасымалдаушылары екіжақтық немесе транзиттік қатынаста орындайтын оқтын-оқтын жолаушылар тасымалы мынадай жағдайларда рұқсат алу қажеттілігінен босатылады:

а) бір жүріс барысында бір автокөлік құралымен бір жолаушылар тобын тасымалдау жүзеге асырылатын және бастапқы мекенде аяқталатын тасымал ("жабық есік кезіндегі сапар");

б) бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына жолаушылар тобын жеткізетін және одан бос қайтатын тасымал;

в) тасымалдаушылар бұзылған автобусты бос келетін жөнді автокөлік құралымен а л м а с т ы р у ж ү р г і з с е .

3. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары екі Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің аумақтары арқылы жүріп өтуіне рұқсат бланкілерінің келісілген с а н ы м е н а л м а с а д ы .

4. Осы Келісімнің 14-бабына сай құрылған Бірлескен Комиссия сыртқы сауда мен транзиттік қатынастың көлемін ескере отырып, Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары тепе-теңдік негізде жыл сайын беретін екі Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің аумақтары арқылы жүріп өтуге рұқсат бланкілерінің санын белгілейді.

5. Қажет болған жағдайда Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары өзара келісім бойынша рұқсаттар бланкілері санын көбейтуге құқылы.

6. Белгіленген саннан асыра жүзеге асырылатын оқтын-оқтын жолаушылар тасымалы Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес рұқсат беру негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

7. Осы Келісімнің 14-бабына сай құрылған Бірлескен Комиссия оқтын-оқтын жолаушылар тасымалдары үшін құжатты тексеру туралы уағдаласуы мүмкін.

Жүк тасымалы

7-бап

1. Уағдаласушы Тараптар елдерінің арасында, үшінші елдерге немесе елдерден, сондай-ақ бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзитпен жүктерді тасымалдау 8-бапта көрсетілген тасымалдардан басқада рұқсат беру негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Тасымалдаушыға берілген рұқсатты ол ғана қолданады және үшінші тұлғаға б е р у г е б о л м а й д ы .

3. Рұқсат әрбір жүк автомобиліне және әрбір тартқыш автомобильге талап етіледі. Ол біруақта сонымен бірге жүрген тіркемеге немесе жартылай тіркемеге де оның тіркелу орнына қарамастан қолданылады.

4. Рұқсаттың екіжақтық және транзиттік қатынаста көрсетілген уақыт аралығына бір сапар солай және кері қарай жүру үшін күші бар.

5. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларына екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі мекен арасында жүктерді тасымалдауға (каботаждық тасымалдар) тыйым салынады.

8-бап

1. Осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген рұқсаттар мыналарды тасымалдауға талап е т і л м е й д і :

а) тек қана жарнамаға, оқытуға, жәрменкелер мен көрмелерге арналған заттар мен материалдарды ;

б) театр, музыка, кинематография, спорт және цирк шаралары, сондай-ақ радиобағдарламаларды жазу, кино- және теледидарға түсіру үшін жабдық пен керек-жарақтарды ;

в) бұзылған автокөлік құралдарын (кейін қарай жеткізу);

г) қайтыс болғандардың мәйітін немесе сүйегінің күлімен урнаны;

д) тіркеменің жалпы салмағын қоса барынша жол берілетін жалпы салмағы алты тоннадан аспайтын немесе тіркеменің пайдалы күш түсіруін қоса жол берілетін пайдалы күш түсіруі 3,5 тоннадан аспайтын автокөлік құралдарындағы жүктерді;

е) дәрі-дәрмектерді, медициналық жабдықты, сондай-ақ қауырт апаттық жағдайлар кезінде (әсіресе табиғи апат кезінде) көмек көрсетуге арналған басқа заттарды;

ж) жануарларды (спорт және цирк шаралары үшін);

з) қоныс аудару кезінде қозғалмалы мүлікті (үй мүлкі мен үй аспаптары);

и) почта жіберілімдерін;

к) гуманитарлық жүктерді.

2. Осы Баптың 1-тармағының "а", "б" және "ж" тармақшаларында көзделген айрықшалықтар соларда көрсетілген заттарды кері шығару немесе кейіннен үшінші елдерге тасымалдау жағдайында ғана қолданылады.

3. Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекетінің заңды және жеке тұлғаларына арналған жаңа автомобильдерді жасаушы зауыттан айдап әкетуге рұқсат талап етілмейді.

9-бап

1. Осы Келісімнің 14-бабына сай құрылған Бірлескен Комиссия сыртқы сауда мен транзиттік қатынастың көлемін ескере отырып, Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары тепе-теңдік негізде жыл сайын беретін жүктерді тасымалдауға рұқсат бланкілерінің санын белгілейді.

2. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары екі Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің аумақтары арқылы жүріп өтуіне рұқсат бланкілерінің келісілген санымен алмасады.

3. Қажет болған жағдайда Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары өзара келісім бойынша рұқсаттар бланкілері санын көбейтуге құқылы.

4. Белгіленген саннан асыра жүзеге асырылатын тасымал Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес рұқсат беру негізінде жүзеге асырылады.

10-бап

1. Автокөлік құралдарының салмағы мен көлемдеріне қатысты әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарына өзінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарына қойылатын талаптарды қолданады.

2. Салмағы немесе көлемі екінші Уағдаласушы Тарап елінің аумағында белгіленген барынша жол берілетіннен асатын автокөлік құралдарымен жүктерді, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау осы Уағдаласушы Тараптың құзыретті органынан арнайы рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Жалпы ережелер

11-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары мен жүргізушілері екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын заңдарды, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптар қатысушысы болып табылатын автомобиль тасымалдары саласындағы халықаралық келісімдердің ережелерін сақтауға міндетті.

2. Автокөлік құралдарын жүргізушілерде жүргізетін автокөлік құралына тиісті санаттағы ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және автокөлік құралына Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына жауап беретін тіркеу куәлігі болуы тиіс.

12-бап

1. Осы Келісімнің негізінде Уағдаласушы Тараптар елдерінің аумағы арқылы жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде осы тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдары ақылы жолдар мен көпірлерден басқа жолдарды пайдалануға және ұстауға байланысты салықтар мен алымдардан және 10-баптың 2-тармағына сәйкес көліктік операциялардан шығатын алымдардан босатылады.

2. Салықтарды, кедендік баждарды және алымдарды төлеуден мыналар босатылады :

а) осы Келісімнің шеңберінде тасымалды орындайтын автокөлік құралын жөндеу үшін екінші Уағдаласушы Тарап елінің аумағына уақытша енгізілетін қосалқы бөлшектер ;

б) алмастырылған бөлшектер автокөлік құралы тіркелген елге шығарылуға жатады немесе кеден органдарының бақылауымен жойылады;

в) автокөлік құралында жасаушы зауыт орнатқан бактердегі отын мен тасымалдауды орындауға қажетті жағармай материалдары.

13-бап

1. Осы Келісім бойынша талап етілетін рұқсаттар, сондай-ақ бақылау және басқа тасымалдау құжаттары осы Келісіммен реттелетін барлық сапарлар кезінде автокөлік құралында болуы және құзыретті бақылау органдары өкілдерінің талаптары бойынша тексеруге көрсетілуі тиіс.

2. Тасымалдаушы немесе оның жүргізушісі екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын заңдарды немесе осы Келісімнің ережелерін бірнеше қайтара бұзған кезде аумағында автокөлік құралы тіркелген Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдары аумағында бұзу жасалған Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша мына шаралардың бірін қолданады:

а) ескерту;

б) осы Келісімге сәйкес тасымалдарды орындауға уақытша тыйым салу;

в) бұзу жіберілген Уағдаласушы Тараптың аумағында тасымалдарды орындау құқықтарынан уақытша, ішінара немесе толығынан айыру.

3. Осы Баптың 2-тармағының "б)" тармақшасына сәйкес шара аумағында бұзу жасалған Уағдаласушы Тараптың құзыретті органымен де қолданылуы мүмкін.

4. Екі Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдары қабылдаған шаралары туралы бір біріне мәлімдейді.

5. Осы Келісімнің ережелері аумағында ұлттық заңдары бұзылған мемлекеттің сот органдарымен салынуы мүмкін санкцияларды жоққа шығармайды.

6. Мемлекеттік шекаралар ойда жоқта жабылған жағдайда Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары арнайы келісіммен реттелетін болады.

14-бап

1. Осы Келісімнің орындалуы және соған байланысты мәселелерді талқылау мақсатында Уағдаласушы Тараптар өз құзыретті органдарының өкілдерінен Бірлескен Комиссия құрады.

2. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты туындауы мүмкін барлық дау-дамайларды Уағдаласушы Тараптардың Бірлескен Комиссиясының келіссөздер жүргізуі және кеңесулері жолымен шешетін болады.

3. Рұқсат бланкілерінің мазмұны мен нысанын Бірлескен Комиссия белгілейді.

15-бап

1. Уағдаласушы Тараптар Атқару Хаттамасында осы Келісімнің орындалу тәртібін анықтайды.

Атқару Хаттамасына Келісіммен бірге қол қойылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен Комиссия Атқару

Хаттамасына өзгерістер мен толықтырулар ұсынуға құқылы.

3. Осы Келісім мен Атқару Хаттамасына барлық өзгерістер мен толықтыруларды Уағдаласушы Тараптар тиісті хаттамамен ресімдейді.

4. Сондай-ақ осы Келісім мен Атқару Хаттамасына өзгерістер мен және толықтырулар енгізілген Хаттама сондай-ақ осы Келісімнің 16-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

16-бап

1. Осы Келісім мен Атқару Хаттамасы Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсімдерді орындауы туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы мәлімдемені алған күннен бастап 30 күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалған және Уағдаласушы Тараптардың бірі оны жазбаша түрде жойғанша күшінде қалады. Келісім екінші Уағдаласушы Тарап жою туралы мәлімдеме алғаннан кейін алты айдан соң күшін жоғалтады.

1999 жылғы 13 желтоқсанда Прага қаласында екі түпнұсқалық данада, әрбірі қазақ, чех және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндер түпнұсқасымен бірдей болып табылады. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Чех Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді қолдану ережелері туралы АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар) 1999 жылғы 13 желтоқсанда Прага қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді қолдану ережелерін анықтау мақсатында төмендегі жөнінде уағдаласты:

1. Аталған Келісімнің мағынасында құзыретті органдар мыналар деп түсініледі:

Қазақстан Республикасы тарабынан:

а) 4, 5, 6, 7, 9, 13 және 14-баптар бойынша - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, 473000, Астана қаласы, Абай даңғылы 49-үй; телефоны: (3172) 32 62 77, факсы: (3172) 32 16 96.0

б) 10-бап бойынша - Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көліктік бақылау комитеті, 473000, Астана қаласы, Абай даңғылы 49-үй

; телефоны: (3172) 33 83 77, факсы: (3172) 26 34 85 және Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, 475000, Көкшетау қаласы, К.Маркс көшесі 81-үй, тел.: (31622) 5 42 91, факсы: (31622) 5 06 20

Чех Республикасы тарабынан:

а) 4, 5, 6, 7, 9, 13 және 14-баптар бойынша - Чех Республикасының Көлік және байланыс министрлігі 11015, Прага қаласы, Набережная Людвика Свободы 12/22, тел.: (+4202) 514 313 75, факсы: 514 31 259

б) 10-бап бойынша - Чех Республикасының Көлік және байланыс министрлігі 11015, Прага қаласы, Набережная Людвика Свободы 12/22, тел.: (+4202) 514 313 75, факсы: 5 1 4 3 1 2 5 9 .

2. Осы Келісімді орындау үшін Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары белгіленген тәртіпте берілген тұрақты немесе маятниктік жолаушылар тасымалдарына р ұ қ с а т т а р д ы б е р е д і .

3. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары автокөлік құралдарының жүріп өтуіне немесе жүктерді тасымалдауға рұқсаттарды рұқсат беру негізінде береді:

а) екі Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің аумақтары арқылы жүріп өтуіне р ұ қ с а т т а р ;

б) бір Уағдаласушы Тарап елінің аумағынан үшінші елге немесе үшінші елден бір Уағдаласушы Тарап елінің аумағына тасымалдарды жүзеге асыруға рұқсат;

в) Уағдаласушы Тараптар құзыретті органдарының Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаты;

г) Уағдаласушы Тараптар құзыретті органдарының Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы қауіпті жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсаты.

4. Р ұ қ с а т б л а н к і л е р і н :

Қазақстан Тарабы: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

Чех Тарабы: чех, ағылшын, неміс және француз тілдерінде жасайды.

Рұқсаттарды ресімдеу рәсімдерін жеңілдету және олардың орындалуына бақылау жасау мақсатында Уағдаласушы Тараптар көрсетілген рұқсаттарды қазақ, чех немесе орыс тілінде толтыруға келісті.

Тиісті күнтізбелік жылы қолданылатын рұқсат бланкілерінде бір жылға құрылған реттік нөмірлері, сондай-ақ құзыретті органдардың тиісті қолдары мен мөрлері болуы т и і с .

5. Қазақстан Республикасы тарабынан рұқсат бланкілері Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен с е н д і р і л е т і н б о л а д ы .

6. Чех Республикасы тарабынан рұқсат бланкілері Чех Республикасының Көлік және байланыс министрлігімен сендірілетін болады.

7. Бірлескен Комиссия немесе Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары

келесі жылға рұқсат бланкілерінің қажетті санын анықтайды, олармен өзара алмасу күнтізбелік жылдың 15-желтоқсанына дейін жүргізіледі. Осы жылға берілген рұқсат бланкілері келесі жылдың 1-ақпанына дейін қолданылады.

8. Рұқсаты болмаса бір Уағдаласушы Тараптың автокөлік құралдарына 6-баптың 1-тармағында және 8-бапта көрсетілген жағдайлардан басқада екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына кіруге жол берілмейді.

9. Рұқсат бланкілерімен алмасу кезінде Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары біруақта осы Келісім баптарының орындалуы жағдайы, мемлекеттің халықаралық автомобиль тасымалдарына, салықтық және кедендік алымдарға қатысты заңдарындағы өзгерістер, алдағы жылғы тасымалдардың жағдайы, шекаралық өткелдердің жұмыс тәртібі, рұқсат бланкілерін пайдалану және тасымалдарды жетілдіруге бағытталған басқа мәселелер туралы бір біріне хабарлайтын болады.

Осы Атқару Хаттамасы екі данада, әрбірі қазақ, чех және орыс тілдерінде құралған, әрі барлық мәтіндер түпнұсқасымен бірдей болып табылады.

Осы Келісімді түсіндіру мәселелері бойынша келіспеушіліктер туындаған кезде Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

1999 жылғы 13 желтоқсанда Прага қаласында жасалды.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Чех Республикасының

Үкіметі үшін